

"Қазақойл" ұлттық мұнай-газ компаниясы" жабық акционерлік қоғамының кейбір мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 1 қазан N 1515

Қазақстан Республикасы Президентінің "Н.Ө.Балғымбаев туралы" 1999 жылғы 1 қазандағы N 81 өкімін орындау үшін және "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 10 шілдедегі Заңының 47 және 48-баптарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі "Қазақойл" ұлттық мұнай-газ компаниясы" жабық акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Қоғам) Директорлар кеңесі арқылы заңдарда белгіленген тәртіппен:

1) Н.Ө.Балғымбаевты Басқарманың төрағасы - Қоғамның президенті және

Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі етіп сайлау туралы шешім қабылдауды;

2) осы қаулыны іске асыру жөніндегі өзге де шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрінің
міндетін атқарушы

Оқығандар:

Қобдалиева Н.

Икебаева А.Ж.